



Балалар жылы 2022

Еңбекшілер ЖАРШЫСЫ

ВЕСТИ Еңбекшілерья

14+

Аудандық газет

1935 жылдың шілде айынан бастап шығып келеді

• Бейсенбі, 11 тамыз 2022 жыл • № 63 (659) • Еркін бағамен сатылады



Сайлау бағытындағы реформалар

ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин Telegram каналында әкімдерді тікелей сайлау бағытындағы реформаның қалай іске асып жатқанын жазды, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Бір жыл бұрын Қазақстанда ауыл әкімдерін тікелей сайлау механизмі іске қосылған болатын. Былтырғы шілде айынан бері 1093 елді мекеннің әкімі сайланды. Оның 215-і өз-өзін ұсынса, 116-сы қайта сайланған бұрынғы әкімдер», - деп жазды ол.

Айтуынша, бір жылдың ішінде елдегі ауыл әкімдерінің корпусы 55,6% жаңарған. «Бұл 608 ауылға жаңа басшы келді деген сөз. Оның басым бөлігі бұрын мемлекеттік қызметте істеп көрмеген. Яғни, дәрігерлер, мұғалімдер, бизнесмендер, жергілікті кәсіпорын мен шаруа қожалық басшылары халық сеніміне ие болып, әкім ретінде сайланып отыр.

Бәрінен де Маңғыстау облысында жаңа әкімдер көп сайланды – 77,8% (сайланған 18 әкімнің 14-і), Одан кейін Қарағанды облысында – 77,2% (79-дың 61-і) және Жамбыл облысында

– 71% (72-нің 51-і) жаңа әкімдер көп сайланған», – дейді Ерлан Қарин. Жазбада аудан әкімдерінің сайлауы туралы да айтылған. «Осы жексенбі күні, 31 шілдеде 27 ауылдық округте ауыл әкімдерінің сайлауы өтеді.

Ал жыл аяғына дейін 214 ауылдық басшысы тікелей сайлау арқылы қызметіне кірісуі керек. 2023 және 2024 жылдарға 1037 ауылдық округте әкімі сайлауы жоспарланған. Жақын арада аудан әкімдерінің де тікелей сайлауын өткізу жоспарланып отыр.

Онымен қоса, жаңа конституциялық реформа бойынша облыс әкімдері өңірлік мәслихат депутаттарының дауыс беру қорытындысы бойынша тағайындалады. Осылайша, елдің саяси жүйесі біртіндеп трансформацияланып келеді.

Мемлекеттік басқару саласына демократияның жаңа құралдары енгізіліп жатыр», – деп жазды Мемлекеттік кеңесші. Еске салсақ, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында сайлауды керек қылмайтын адамдардың қатары көбейгенін айтқан еді.

Ақмола облысы – жасыл аймақта

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстың бас санитарлық дәрігері Айнагүл Мусина «COVID-19, пневмококк инфекциясы, кене энцефалитімен сырттанушылықтың эпидемиологиялық жағдайы және оның алдын алу шаралары, коронавируспен қарсы вакцинация мен ревакцинация, ауыз су сапасы мониторингінің нәтижелері туралы» хабарлама жасады.

Бүгінде COVID-19 қауіпті індеті бойынша Ақмола облысы жасыл аймақта. Бірақ, бұл қауіп жоқ дегенді білдірмейді. Күн сайын коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны артып келеді. Ағымдағы жылдың 15 маусымынан бастап COVID-19 індеті қайта байқалды. Тамыз айының басынан 300-дей адам тіркелген. Мәселен, 28 шілде мен 3 тамыз аралығында 752 жағдай тіркеліп отыр. Індеттің мұндай өршуінің себебін уақтылы екпе мен ревакцинация жасамау деп түсіндірді облыстың бас санитарлық дәрігері. Нақтырақ айтсақ, тамыз айында ауру жұқтырған 289 адамның 180-і екпе алмаса,

75 адам дер кезінде қайта егілмеген. – 2021 жылдың 22 қарашасынан бері 162130 адам вируспен қарсы екпе алды. Барлығы 30133 адам қайтадан ревакцинациямен қамтылды, бұл тиісті контингенттің 100 пайызын құрайды, – дейді Айнагүл Мусина.

Сонымен қатар, хабарламашы өңірдегі ауыз судың сапасыздығына да тоқталды. Ол халыққа тек тазартылған ауыз суды ішуге кеңес берді. Себебі, қаладағы су құбырының жағдайы мез емес, ондағы сол суды тұтыну түрлі ауруларды тудыруы мүмкін. Санитарлық дәрігерлер ауыз судың сапасын жүйелі түрде бақылайды. Кенелерден абай болуды ұмытпауды да қаперге салады. Табиғатқа шыққанда міндетті түрде арнайы қорғаныс құралдарын киіп, үйге келген соң киіміңізді тексеріп алғаныңыз дұрыс. Әсіресе, тамыз айында кенелер өте белсенді болады. Кене теріге түскен жағдайда медициналық көмекке жүгіну керек екені де баса айтылды.

(«Арқа ажары» газетінен).



14 тамыз – Құрылысшылар күні

1955 жылы 6 қыркүйекте КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Құрылысшылар күні» белгілеу туралы жарлығы шықты.

Алғаш рет бұл саланың қызметкерлері мерекені 1956 жылы 12 тамызда атап өтті. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тамыз айының екінші жексенбісін «Қазақстан құрылысшылары күні» деп жариялаған болатын.

Сондай-ақ, тамыздың екінші жексенбісінде Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Украина құрылысшыларына құрмет көрсетіледі.

Құрылысшы – адамзат өркениетінің бастауында тұрған мамандық. Құрылыс индустриясы – экономикалық негізгі іретасы. Кез келген елдің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы құрылыс саласының дамуына тікелей байланысты. Мемлекет басшысының қолдауымен Тәуелсіздік жылдары елімізде құрылыс саласын дамытуға барынша жағдай жасалды. Отандық құрылыс индустриясы қанат жайып, құрылыс материалдарын шығаратын өндіріс орындары көбейді.

Әкімшілік сот ісін жүргізудің қағидаттары мен олардың мәні

Әкімшілік сот ісін жүргізу Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік – процесстік кодексында (өрі қарай - ӘРПК) белгіленген қағидаттар негізінде жүзеге асырылады, алайда, олар түпкілікті болып табылмайды және құқықтың басқа да қағидаттарын қолдануға кедергі болмайды. Сондай-ақ, азаматтық сот ісін жүргізу қағидаттары, егер осы қағидаттарға қайшы келмесе, әкімшілік сот ісін жүргізуде қолданылады.

Әкімшілік сот ісін жүргізу келесі қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

- 1) Заңдылық қағидаты;
- 2) Әділдік қағидаты;
- 3) Құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау;
- 4) Мөлшерлестік қағидаты;
- 5) Әкімшілік қалауды жүзеге асыру шектері;
- 6) Құқықтар басымдығының қағидаты;
- 7) Сенім құқығын қорғау;
- 8) Формальды талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу;
- 9) Анықтық презумпциясы;
- 10) Соттың белсенді рөлі;
- 11) Әкімшілік сот ісін жүргізудің ақылға қонымды мерзімі;
- 12) Сот актілерінің міндеттілігі.

Заңдылық қағидатына сәйкес, сот әкімшілік істерді қарау және шешу кезінде Қазақстан Республикасы Конституциясының, конституциялық заңдардың, ӘРПК-нің, басқа да нормативтік құқықтық актілердің, қолданылуға жататын Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының талаптарын дөңгелек сақтауға міндетті. Соттар адам мен азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқылы емес. Егер сот қолдануға жататын заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт адам мен азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп есептесе, ол әкімшілік іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актінің конституциялық емес деп тану туралы ұсынумен Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне жүгінуге міндетті. Сот Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің шешімін алған соң іс бойынша іс жүргізу қайта басталады. Әкімшілік істерді қарауға уәкілеттік берілген соттардың конституциялық емес деп танылған заңға немесе өзге де нормативтік құқықтық актіге негізделген шешімдерінің күші жойылуға жатады.

Әділдік қағидаты – бұл әкімшілік орган, лауазымды адам және сот әкімшілік істі қарау кезінде объективтілік пен бейтараптықты сақтай отырып, әкімшілік іске қатысушылардың әрқайсысына олардың әкімшілік істің мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеуге құқықтарын іске асыруына тең мүмкіндік пен жағдайды қамтамасыз етуге міндетті екендігі дегеніміз. Егер заңда немесе дау тараптарының келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешетіні кездесе, сот бұл мәселелерді әділдік пен ақылға қонымдылық елшемшарттарын негізге алып шешуге міндетті.

Құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау. Көрсетілген қағидатқа сәйкес, әкім бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін осы Кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік органға, лауазымды адамға немесе сотқа жүгінуге құқылы. Әкімшілік органға, лауазымды адамға немесе сотқа жүгіну құқығынан бас тарту жарамсыз болады. Мемлекеттік органдар – өз қузыреті шегінде, жеке және заңды тұлғалар ӘРПК-де белгіленген тәртіппен басқа тұлғалардың немесе айқындалмаған тұлғалар тобының бұзылған немесе дау айтылатын заңды мүдделерін қорғау туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге құқылы. Прокурор ӘРПК-де белгіленген тәртіппен өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында талап қоюмен сотқа жүгінуге құқылы. Ешкімнің де өзінің келісуінсіз заңда ол үшін көзделген соттылығын өзгертуге болмайды. Әкімшілік органға, лауазымды адамға немесе сотқа жүгіну құқығынан бас тартуға мәжбүрлеу заңсыз болып табылады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

Мөлшерлестік. Әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік қалауды жүзеге асыру кезінде әкімшілік рәсімге қатысушы мен қоғам мүдделерінің әділ теңгерімін қамтамасыз етеді. Бұл ретте әкімшілік акт, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) мөлшерлес, яғни жарамды, қажетті және пропорциялы болуға тиіс. Егер әкімшілік акт, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін қолайлы болса, жарамды деп есептеледі. Егер әкімшілік акт, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) әкімшілік рәсімге қатысушының құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзатын аз дәрежеде шектейтін болса, қажетті деп есептеледі. Егер әкімшілік рәсімге қатысушының құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзатын аз дәрежеде шектейтін болса, қажетті деп есептеледі. Егер әкімшілік рәсімге қатысушының құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзатын аз дәрежеде шектейтін болса, қажетті деп есептеледі. Егер әкімшілік рәсімге қатысушының құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзатын аз дәрежеде шектейтін болса, қажетті деп есептеледі.

Әкімшілік қалауды жүзеге асыру шектері. Әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік қалауды Қазақстан Республикасының заңнамасында

белгіленген шектерде жүзеге асыруға міндетті. Әкімшілік қалауды жүзеге асыру кезінде әкімшілік актіні қабылдау және (және) әкімшілік әрекетті жасау (әрекетсіздік таныту) осы өкілеттіктің мақсаттарына сәйкес келуге тиіс.

Құқықтар басымдығының қағидатына сәйкес, Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасындағы барлық күмәндер, қайшылықтар мен көмескіліктер әкімшілік рәсімге қатысушының пайдасына түсіндіріледі.

Сенім құқығын қорғау қағидатына сай, әкімшілік рәсімге қатысушының әкімшілік органның, лауазымды адамның қызметіне сенімі Қазақстан Республикасының заңдарында қорғалады. Әкімшілік орган, лауазымды адам немесе сот Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес теріс деп белгілемейінше, әкімшілік акті, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) заңды және негізді деп есептеледі. Әкімшілік органның, лауазымды адамның кінәсін қабылдаған заңсыз әкімшілік акт, сондай-ақ әкімшілік органның, лауазымды адамның кінәсін жасалған заңсыз әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) әкімшілік рәсімге қатысушы үшін ауыртпалық салатын салдарға алып келмейді. Сенім құқығы заңсыз әрекеттер жасауға (әрекетсіздік танытуға) негіз бола алмайды.

Формальды талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу. Бұл қағидатқа сай, әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын іске асырудан бас тартуына, шектеуіне, тоқтатуына, сондай-ақ оған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтау мақсатында міндет жүктеуіне тыйым салынады.

Анықтық презумпциясы қағидаты дегеніміз – бұл әкімшілік рәсімді жүзеге асыру кезінде әкімшілік рәсімге қатысушы ұсынған материалдар, объектілер, құжаттар мен мәліметтер әкімшілік орган, лауазымды адам теріс деп белгілемейінше, анық деп есептеледі. Материалдардың, объектілердің, құжаттар мен мәліметтердің төлнұсқалығына күмән болған кезде әкімшілік орган, лауазымды адам олардың төлнұсқалығын өзі дербес тексеруге міндетті.

Соттың белсенді рөлі қағидаты. Әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады. Сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істі өзге де материалдарымен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызды бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді. Судья әкімшілік істің нақты және (немесе) заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы. Сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды.

Әкімшілік сот ісін жүргізудің ақылға қонымды мерзімі. Жекелеген процесстік әрекеттерді жүргізуді қоса алғанда, әкімшілік сот ісін жүргізу ақылға қонымды мерзімде жүзеге асырылады. Бұл ретте, ақылға қонымды мерзімді айқындау кезінде әкімшілік істің құқықтық және нақты күрделілігі, әкімшілік процеске қатысушылардың процесстік құқықтарды пайдалану және процесстік міндеттерді орындау дәрежесінен көрінетін мінез-құлқы, соттың әкімшілік істі жедел қарау мақсатында жүзеге асырылатын әрекеттерінің процесстік тұрғыдан жеткіліктілігі мен тиімділігі сияқты мән-жайлар ескеріледі.

Сот актілерінің міндеттілігі қағидаты дегеніміз, бұл заңды күшіне енген сот актілері, сондай-ақ соттар мен судьялардың сот төрелігін іске асыру кезіндегі өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары, сұрау салулары мен басқа да жолданымдары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар, лауазымды адамдар, жеке тұлғалар үшін міндетті екендігі және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында орындалуға жататыны. Сот актілерін, сол сияқты сот талаптарын орындамау ӘРПК-де көзделген процесстік мәжбүрлеу шараларын қолдануға және заңда көзделген жауаптылыққа алып келеді. Сот актісінің міндеттілігі әкімшілік процеске қатыспаған мүдделі тұлғаларды бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгіну мүмкіндігінен айырмайды.

Әкімшілік рәсімдердің және әкімшілік сот ісін жүргізудің көрсетілген қағидаттарын бұзу оның сипатына және елеулі болуына қарай әкімшілік актілерді, әкімшілік әрекеттерді (әрекетсіздікті) заңсыз деп тануға, сондай-ақ шығарылған сот актілерінің күшін жоюға алып келеді.

А.УРАЗОВ,
Ақмола облысының Біржан сал аудандық сотының заңгері.

Ақмола облысы Біржан сал ауданының сайлау учаскесінің шекарасы, учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан жері мен құрамы туралы

Хабарлама

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 17-бабының 2-тармағына, 23-бабының 5-тармағына, Біржан сал аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2022 жылғы 29 шілдедегі "Біржан сал ауданының Краснофлот ауылы әкімінің сайлауын тағайындау туралы" № 6/2 қаулысына, Біржан сал ауданы әкімінің 2021 жылғы 7 шілдедегі № 6 шешіміне, Біржан сал ауданы сайлау учаскесінің шекарасы, учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан жері мен құрамын хабарлаймыз.

№ 249 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Краснофлот ауылы, "Ақмола

облысы білім басқармасы Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Краснофлот ауылының негізгі орта мектебі" КММ ғимараты, Мектеп көшесі, 26 құрылыс.

тел: 8 (71639) 2-33-08

Шекарасы: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Краснофлот ауылы.

Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: төрайымы - Тәшімова Гүлмира Серікболқызы; төрағаның орынбасары – Нұрсұлтанова Айгүл Дәуренбекқызы; хатшысы – Өтегенова Анар Мұратқызы; комиссия мүшелері: Алпысова Қайша Әлімқызы, Мырзаболатова Айғаным Дулатқызы.

Біржан сал ауданының әкімі.

Біржан сал аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Біржан сал аудандық сайлау комиссиясының
2022 жылғы 29 шілдедегі
№ 6/2 қаулысына қосымша

2022 жылғы 28 тамызға тағайындалған

Біржан сал ауданы Краснофлот ауылы әкімінің кезекті сайлауын дайындау және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары

1. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін (бұдан әрі – өкімдерді) сайлауды тағайындау	Аудандық сайлау комиссиясы Өкімнің өкілетті мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап бір ай ішінде 2022 жылғы 29 шілде (113-1-б. 2-т.)	16. Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және оларды жарақтандыру	Жергілікті атқарушы органдар және аудандық сайлау комиссиясы Үгіт басталғанға дейін 2022 жылғы 16 тамызға дейін (28-б. 6-т.)
2. Сайлау округтерінің тізімін, олардың шекаралары мен аумақтық сайлау комиссияларының орналасқан жерлерін көрсете отырып, тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау	Аудандық сайлау комиссиясы Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірмей 2022 жылғы 8 тамыздан кешіктірмей (22-б.)	17. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу	Кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады 2022 жылғы 17 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-ден кейін басталады және 2022 жылғы 26 тамызда жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады (27-б. 2-т.)
3. Аумақтық сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау	Аудандық сайлау комиссиясы Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірмей 2022 жылғы 8 тамыздан кешіктірмей (13-б. 4-т.)	18. Өкімдікке кандидаттарға сайлаушылармен кездесулері үшін үй-жайлар беру, кандидаттар мен олардың сенім білдірген адамдарының бөлінген үй-жайларда сайлаушылармен кездесу кестесін жасау және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау	Жергілікті атқарушы органдар және аудандық сайлау комиссиясы Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде (28-б. 4-т.)
4. Учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау	Аудандық сайлау комиссиясы Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күннен кешіктірмей 2022 жылғы 13 тамыздан кешіктірмей (17-б. 2-т.)	19. Өрбір сайлау учаскесі бойынша өкім қол қойған сайлаушылардың тізімдерін сайлау комиссиясына акт бойынша ұсыну	Аудан әкімі Дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын 2022 жылғы 8 тамызға дейін (24-б. 5-т.)
5. Сайлау учаскелерінің шекаралары туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау	Аудан әкімі Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күндік мерзімде 2022 жылғы 13 тамыздан кешіктірмей (23-б. 5-т.)	20. Сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімдерін танысу үшін сайлаушыларға ұсыну	Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда 2022 жылғы 13 тамыздан бастап (26-б. 1-т.)
6. Өкімдікке кандидаттар ұсыну	Белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар және өзін-өзі ұсыну тәртібімен азаматтар Егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше белгіленбесе, сайлау тағайындалған күннен кейінгі күннен басталады және сайлау өткізілетін күнге он бес күн қалғанда жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады. 2022 жылғы 30 шілдеде басталады және 2022 жылғы 12 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-де аяқталады (113-3-б. 1-т.)	21. Сайлаушыларды дауыс беру күні, уақыты және орны туралы хабардар ету	Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс беру өткізілетін күнге дейінгі он күннен кешіктірмей 2022 жылғы 18 тамызға дейін (18-б. 5) т., 38-б. 2-т.)
7. Өкімдікке кандидаттардың «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында (бұдан әрі – Сайлау туралы Конституциялық Заң), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау	Аудандық сайлау комиссиясы (4-б. 2-т., 113-5-б., 11-т.)	22. Дауыс беруге арналған сайлау бюллетеньдерін учаскелік сайлау комиссияларына жеткізу	Аудандық сайлау комиссиясы Ерте дегенде үш күн бұрын және сайлаудан кемінде бір күн бұрын 2022 жылғы 25 тамыздан ерте емес және 27 тамыздан кешіктірмей (37-б. 3-т.)
8. Өкімдікке кандидаттардың сенім білдірген адамдарын тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру	Аудандық сайлау комиссиясы Өкімдікке кандидаттың Сайлау туралы Конституциялық заңда көзделген талаптарға сәйкестігі анықталған күннен бастап (14-б. 8-1) т., 31-б.)	23. Дауыс беруге арналған сайлау учаскелерін ашу және тиісті хаттама жасау	Учаскелік сайлау комиссиялары Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда 2022 жылғы 28 тамызда дауыс беру басталғанға дейін бір сағат бұрын жергілікті уақыт бойынша сағат 06.00-де (40-б. 1-т.)
9. Өкімдікке кандидаттарға өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған, қолдап қол жинау үшін қол қою парақтарын беру	Аудандық сайлау комиссиясы Кандидаттың Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада көзделген талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін үш күндік мерзімде (113-4-б.)	24. Дауыс беруді өткізу	Учаскелік сайлау комиссиялары Сайлау күні, жергілікті уақыт бойынша сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін (38-б. 1-т.)
10. Өкімдікке кандидаттарды қолдап жиналған қолдардың дұрыстығын тексеру және тиісті хаттаманы ресімдеу	Аудандық сайлау комиссиясы, паспорт қызметтерінің қызметкерлерін тарта отырып Қол қою парақтары сайлау комиссиясына тапсырылғаннан кейін үш күндік мерзімде (113-4-б. 7-т.)	25. Дауыстарды санау және сайлау учаскесінде өкім сайлауы бойынша дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалар жасау	Учаскелік сайлау комиссиялары Жергілікті уақыт бойынша сағат 20:00-де басталады (18-б. 8) т., 43-б.)
11. Жергілікті атқарушы органдардың шотына республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төменгі жалақының бір еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізу	Өкімдікке кандидаттар, саяси партиялар (өрбір ұсынылған кандидат үшін) Кандидат тіркелгенге дейін (113-5-б. 2-т.)	26. Дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін сайлау учаскесінің үй-жайында жалпыжұрттың танысуы үшін арнайы белгіленген орынға ілу	Учаскелік сайлау комиссиялары Хаттамаларға қол қойылғаннан кейін – дереу (43-б. 8-т.)
12. Тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына ұсыну мерзімі басталған айдың бірінші күніне активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды ұсыну	Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) Партиялық тізім тіркелгенге дейін (113-5-б. 3-т.)	27. Сайлау учаскелерінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды тиісті аудандық (қалалық) аумақтық сайлау комиссияларына ұсыну	Учаскелік сайлау комиссиялары Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – дереу (113-8-б. 1-т.)
13. Кандидат және оның жұбайы (зайыбы) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру	Мемлекеттік кіріс органдары Кандидат тіркелген күннен бастап бес күн ішінде (113-5-б. 3-т.)	28. Өкім сайлауының қорытындыларын белгілеу	Аудандық сайлау комиссиясы Сайлаудан кейін үш күн мерзімнен кешіктірмей 2022 жылғы 31 тамыздан кешіктірмей (113-10-б.)
14. Өкімдікке кандидаттарды тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру	Аудандық сайлау комиссиясы Барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және сайлау күнінен он күн бұрын жергілікті уақытпен сағат 18.00-де аяқталады 2022 жылғы 30 шілдеде басталады және 2022 жылғы 17 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-де аяқталады (113-5-б.)	29. Өкімдерді сайлау қорытындылары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау	Аудандық сайлау комиссиясы Сайлау өткізілген күннен бастап төрт күннен кешіктірмей 2022 жылғы 31 тамыздан кешіктірмей (44-б.)
15. Өкімдікке кандидаттарды тіркеу туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау	Аудандық сайлау комиссиясы Кандидаттар тіркелгеннен кейін бесінші күннен кешіктірмей (113-5-б. 9-т.)	30. Сайланған өкімдерді тіркеу, тиісті куәліктер беру	Аудандық сайлау комиссиясы Сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімде Сайланған өкімдерден жеті күн мерзім ішінде Конституцияға және Сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес өкім мәртебесімен сыйыспайтын міндеттерді доғаратыны туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін 2022 жылғы 3 қыркүйектен кешіктірмей (45-б., 46-б. 3-т., 113-11-б. 1-т.)

Ескертпе: Күнтізбелік жоспардың мәтінінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер берілді.

ТЕЛЕДИДАР БАҒДАРЛАМАСЫ

ДҮЙСЕНБІ 15 ТАМЫЗ

Т/х "Өмір ызғары" 23:30
Таңшолпан 00:20 Егіз лебіз

20:30 Өмір жолы 21:00 Ито-
ги дня 21:30 Т/х "Бәсеке 2"
00:00 Т/х "Егіз жүрек"

ҚАЗАҚСТАН

06:00 Әнұран 06:05,
03:30 Жәдігер 06:25
Másele 07:00 Таңшолпан
10:00, 13:00, 20:00, 02:30
Aqparat 10:10, 18:00 Т/х
"Гүлдер құпиясы" 12:00,
13:10, 20:35 Т/х "Ақжауын"
14:10 Қызық екен... 15:00
"Әнім сен едің..." Ш.
Қалдаяқовтың әндері 16:00
Т/х "Бақытсыздар бағы"
17:15 М/с "Сақшы арыстан"
22:30 Т/х "Өмір ызғары"
23:30 Таңшолпан 00:20 Егіз
лебіз 03:05 Шаңырақ

ХАБАР

05:00, 16:00 Т/с "Бе-
резка" 07:00 Оян! 10:00
Х/ф "Эмпайр Стейт" 12:00
Жаңалықтар 12:10 Т/х
"Пәленшеевтер 2" 13:00 Но-
вости 13:10 Т/х "Бақталас"
15:00 Алтыбақан 18:00 Х/ф
"Вальдо" 20:00 Қорытынды
жаңалықтар 20:30 Өмір
жолы 21:00 Итоги дня 21:30
Т/х "Бәсеке 2" 22:30 Т/х
"Аға" 00:00 Т/х "Егіз жүрек"

ЕВРАЗИЯ

06:00, 05:00 Той базар
07:00, 02:35, 03:50 П@
утіпа 08:00 Қайырлы таң,
Қазақстан! 09:00 Доброе
утро, Казахстан! 10:00
Т/с "Прощай, любимая"
14:00, 02:15 Новости 14:15,
03:35 Жаңалықтар 14:30,
QosLike 18:30, 04:35 Басты
жаңалықтар 19:00 Kögemiz
20:00 Главные новости
20:35 Т/с "Чужой район 2"
00:50 Т/с "Брежнев"

СЕЙСЕНБІ, 16 ТАМЫЗ

ҚАЗАҚСТАН

06:00 Әнұран 06:05
Жәдігер 06:25, 10:00,
13:00, 20:00, 02:20 Aqparat
07:00 Таңшолпан 10:10,
18:00 Т/х "Гүлдер құпиясы"
12:00, 13:10, 20:35 Т/х
"Ақжауын" 14:10 Қызық
екен... 15:00, 02:55 Тіршілік
15:30 Ауылдастар 16:00 Т/х
"Бақытсыздар бағы" 17:15
М/с "Сақшы арыстан" 22:30
Т/х "Өмір ызғары" 23:30
Таңшолпан 00:20 Егіз лебіз

ХАБАР

05:00, 16:00 Т/с "Березка"
07:00 Оян! 10:00 Х/ф "Валь-
до" 12:00 Жаңалықтар
12:10 Т/х "Пәленшеевтер 2"
13:00 Новости 13:10, 22:30
Т/х "Аға" 15:00 Алтыбақан
18:00 Х/ф "Летучий от-
ряд Скотланд Ярда" 20:00
Қорытынды жаңалықтар
20:30 Бір туынды тарихы
21:00 Итоги дня 21:30 Т/х
"Бәсеке 2" 00:00 Т/х "Егіз
жүрек"

ЕВРАЗИЯ

06:00, 04:50 Той базар
07:00, 02:30, 03:40 П@
утіпа 08:00 Қайырлы таң,
Қазақстан! 09:00 Доброе
утро, Казахстан! 10:00 Жить
здорово 10:50 На самом
деле 12:00 Т/с "Магомаев"
13:05 Т/с "Семейный аль-
бом" 14:10, 02:15 Новости
14:20, 03:30 Жаңалықтар
14:30 QosLike 18:30, 04:25
Басты жаңалықтар 19:00
Kögemiz 20:00 Главные но-
вости 20:35 Т/с "Чужой рай-
он 2" 00:50 Т/с "Брежнев"

СӘРСЕНБІ, 17 ТАМЫЗ

ҚАЗАҚСТАН

06:00 Әнұран 06:05,
03:25 Жәдігер 06:25, 10:00,
13:00, 20:00, 02:20 Aqparat
07:00 Таңшолпан 10:10,
18:00 Т/х "Гүлдер құпиясы"
12:00, 13:10, 20:35 Т/х
"Ақжауын" 14:10 Қызық
екен... 15:00, 02:55 Тіршілік
15:30 Ауылдастар 16:00 Т/х
"Бақытсыздар бағы" 17:15
М/с "Сақшы арыстан" 22:30

ХАБАР

05:00, 16:00 Т/с "Березка"
07:00 Оян! 10:00 Х/ф "Лету-
чий отряд Скотланд Ярда"
12:00 Жаңалықтар 12:10
Т/х "Пәленшеевтер 3" 13:00
Новости 13:10, 22:30 Т/х
"Аға" 15:00 Алтыбақан 18:00
Х/ф "Вымогательство" 20:00
Қорытынды жаңалықтар
20:30 Өмір жолы 21:00 Ито-
ги дня 21:30 Т/х "Бәсеке 2"
00:00 Т/х "Егіз жүрек"

ЕВРАЗИЯ

06:00, 04:50 Той базар
07:00, 02:30, 03:40 П@
утіпа 08:00 Қайырлы таң,
Қазақстан! 09:00 Доброе
утро, Казахстан! 10:00 Жить
здорово 10:50 На самом
деле 12:00 Т/с "Магомаев"
13:05 Т/с "Семейный аль-
бом" 14:10, 02:15 Новости
14:20, 03:30 Жаңалықтар
14:30 QosLike 18:30, 04:25
Басты жаңалықтар 19:00
Kögemiz 20:00 Главные но-
вости 20:35 Т/с "Чужой рай-
он 2" 00:50 Т/с "Брежнев"

БЕЙСЕНБІ, 18 ТАМЫЗ

ҚАЗАҚСТАН

06:00 Әнұран 06:05, 03:20
Жәдігер 06:25, 10:00, 13:00,
20:00, 02:20 Aqparat 07:00
Таңшолпан 10:10, 18:00 Т/х
"Гүлдер құпиясы" 12:00,
13:10 Т/х "Ақжауын" 14:10
Қызық екен... 15:00 Тұлға
15:30 Деректі фильм.
"Шекарашылар" 16:00 Т/х
"Бақытсыздар бағы" 17:15
М/с "Сақшы арыстан" 20:35
Т/х "Күйеу бала" 22:30
Т/х "Өмір ызғары" 23:30
Көңілашар 00:20 Егіз лебіз
02:55 Мұра

ХАБАР

05:00, 16:00 Т/с "Березка"
07:00 Оян! 10:00 Х/ф
"Вымогательство" 12:00
Жаңалықтар 12:10 Т/х
"Пәленшеевтер 3" 13:00 Но-
вости 13:10, 22:30 Т/х
"Аға" 15:00 Алтыбақан 18:00
Х/ф "Кодовое имя "Джерони-
мо" 20:00 Қорытынды
жаңалықтар 20:30 "Границы"
21:00 Итоги дня 21:30 Т/х
"Бәсеке 2" 00:00 Т/х "Егіз
жүрек"

ЕВРАЗИЯ

06:00, 04:50 Той базар
07:00, 02:30, 03:40 П@
утіпа 08:00 Қайырлы таң,
Қазақстан! 09:00 Доброе
утро, Казахстан! 10:00 Жить
здорово 10:50 На самом
деле 12:00 Т/с "Магомаев"
13:05 Т/с "Семейный аль-
бом" 14:10, 02:15 Новости
14:20, 03:30 Жаңалықтар
14:30 QosLike 18:30, 04:25
Басты жаңалықтар 19:00
Kögemiz 20:00 Главные но-
вости 20:35 Т/с "Чужой рай-
он 2" 00:50 Т/с "Брежнев"

ЖҰМА, 19 ТАМЫЗ

ҚАЗАҚСТАН

06:00 Әнұран 06:05, 03:10
Жәдігер 06:25, 10:00, 13:00,
20:00, 02:10 Aqparat 07:00
Таңшолпан 10:10, 18:00 Т/х
"Гүлдер құпиясы" 12:00,
13:10, 21:30 Т/х "Күйеу бала"
14:10 Қызық екен... 15:00,
02:40 Тұлға 15:30 Ауылда-
стар 16:00 Т/х "Бақытсыздар
бағы" 17:15 М/с "Сақшы
арыстан" 20:30 "Жедел
желі". Сұхбат 22:30 Т/х "Өмір
ызғары" 23:30 Көңілашар
00:20 Егіз лебіз

ХАБАР

05:00, 16:00 Т/с "Березка"
07:00 Оян! 10:00 Х/ф
"Кодовое имя "Джерони-
мо" 20:00 Жаңалықтар 12:10
Т/х "Пәленшеевтер 3" 13:00
Новости 13:10, 22:30 Т/х
"Аға" 15:00 Алтыбақан 18:00
Х/ф "Опасная миссия" 20:00
Қорытынды жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

06:00, 04:30 Той базар
07:00, 03:20 П@утіпа 08:00
Қайырлы таң, Қазақстан!
09:00 Доброе утро, Казах-
стан! 10:00 Жить здоро-
во 10:50 На самом деле
12:00 Т/с "Магомаев" 13:05
Т/с "Семейный альбом"
14:10, 03:00 Новости 14:20,
03:10 Жаңалықтар 14:30
QosLike 18:30, 04:05 Басты
жаңалықтар 19:00 Kögemiz
20:00 Главные новости
20:35 Поле чудес 21:55 Т/с
"Запасный выход" 05:15
Той заказ

СЕНБІ, 20 ТАМЫЗ

ҚАЗАҚСТАН

06:00 Әнұран 06:05, 02:50
Жәдігер 06:30 Теледерігер
07:15 Aqparat 07:45, 01:15
Дәуір даналары 08:30 Көңіл
толқыны 09:20 Әйел әлемі
09:55 Ырстың қазығы
10:00, 18:00 Т/х "Гүлдер
құпиясы" 12:00 Әзіл әлемі
14:00 М/ф "Ойыншықтар
хикаясы 4" 15:30 Эндер
мен жылдар 17:30 Шекара-
шылар 20:00 М/ф "101 ала
күшік 2" 21:05 "Жігіттер"
тобының концерті 22:30
Т/х "Өмір ызғары" 23:30
К/ф "Кешпенділер" 02:00
Ауылдастар 02:25 Мұра

ХАБАР

05:00, 16:00 Т/с "Березка"
07:00 Т/х "Сырластар"
09:00 Тарих. Тағдыр. Тұлға
10:00 Tangu fresh 10:30
Эн әлемі 11:00 Х/ф "Ең
сұлу" 12:45 Т/х "Бәсеке 2"
18:00 Х/ф "Всегда верен"
20:00 Aitystar 22:00 Отдел
журналистских расследо-
ваний. Ближе к делу 23:30
Т/х "Аға"

ЕВРАЗИЯ

06:00, 03:40 Той базар
07:25, 05:10 Той заказ
08:00, 02:50 П@утіпа 09:00
Х/ф "Наваждение" 11:40 Т/с
"Как выйти замуж за милли-
онера 2" 16:30 Бестің шәйі
18:30 Т/с "Моя фамилия
Шилов" 20:25 Т/с "Отчим"
01:25 Д/ф "Цари океанов.
Путь в арктику"

ЖЕКСЕНБІ, 21 ТАМЫЗ

ҚАЗАҚСТАН

06:00 Әнұран 06:05,
03:30 Жәдігер 06:30,
01:05 Теледерігер 07:15,
01:50 Зинһар 07:50 Көңіл
толқыны 08:30 М/ф
"Ойыншықтар хикаясы 4"
10:00, 18:00 Т/х "Гүлдер
құпиясы" 12:00 Эн мен әнші
14:20 К/ф "Кешпенділер"
16:25 Күй-көруен 16:55
М/ф "101 ала күшік" 20:00
Деректі фильм. "Тіршілік"
20:35 "Құс қанат ғұмыр". М.
Бесбаевтың концерті 22:30
Т/х "Өмір ызғары" 23:30
К/ф "Қара қабылан" 02:35
Тіршілік 03:05 Ауылдастар

ХАБАР

05:00 Т/с "Березка" 07:00
Т/х "Сырластар" 09:00
Концерт. "Алашұлы" 11:00
Х/ф "Ең сұлу" 12:45 Т/х
"Бәсеке 2" 16:00 Т/с 18:00
Х/ф "Всегда верен" 20:00
Aitystar 22:00 Концерт. "Di-
mash digital show" 00:00
Т/х "Аға"

ЕВРАЗИЯ

06:00, 04:10 Той базар
07:25 Той заказ 08:00,
03:25 П@утіпа 09:00 Вос-
кресные беседы 09:10 Т/с
"Моя фамилия Шилов"
11:40 Т/с "Как выйти замуж
за миллионера 2" 16:30
Әкемізге қалыңдық 18:05
Қайтақ 18:40 Концерт
к юбилею М. Магомаева
20:15 Т/с "Отчим" 01:10 Три
аккорда

Тұрғындар назарына

2022 жылғы 13 қыркүйегінде сағат 15.00-де Андықожа батыр ауылында ауылдық округі әкімдігінің ғимаратында көшелердің қайта атау бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысы өтеді.

«Ақмола облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Біржан сал аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнындағы байқау кеңесі мүшелерін іріктеу бойынша конкурсын жариялайды

Кәсіпорын денсаулық сақтау саласында жұмыс істейді. Кәсіпорынның мекенжайы: Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Степняк қаласы, Өбсәлем қажы көшесі, 24, тел. 8(716-39) 2-11-33.

Үміткерлерге қойылатын талаптар – жоғары білімнің болуы, сондай-ақ келесі талаптардың біреуінің болуы:

- 1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;
- 2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;
- 3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын қабылдаудың басталу күні, мерзімі баспасөз басылымдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап анықталады.

Үміткер осы хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде 020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Сәтпаев көшесі, 1, «Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы» ММ 208 каб. мекенжайы бойынша байқауға қатысуға өтінім береді, байқауға қатысуға қажетті құжаттар:

- 1) байқауға қатысу туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжатының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5) жоғарғы білім туралы құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 6) еңбек кітапшасының (болған жағдайда) немесе еңбек шартының нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе соңғы жұмыс орнынан еңбек шартын қабылдау және бұзу туралы бұйрықтарының көшірме;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурсқа өтінімін түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгілей отырып, конвертке жапсырады. Бұл конвертте үміткердің тегі, аты, әкесінің аты және мекенжайы болуы керек. Содан кейін конверт сыртқы конвертке жабылады.

Ішкі және сыртқы конверттер:

- 1) Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Сәтпаев көшесі, 1, 205 каб. мекенжайына жіберілуі тиіс.

2) Ақмола облысының денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Біржан сал аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК байқау кеңесі мүшелерінің конкурсы» 2022 жылдың «26» тамызы күні сағат 16.00-ге дейін «Ашпаңыз» деген сөзі қамтылуы тиіс.

Байқау өтінімі мемлекеттік және орыс тілдерінде бір данада жіберіледі. Байқау кеңесі мүшелерін іріктеу бойынша конкурсы 2022 жылдың «26» тамызы күні сағат 16.00-де Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Сәтпаев көшесі, 1, үшінші қабат, мәжіліс залында өтеді.

Анықтамалар телефоны: 8 (7162) 55-13-78.

Қоғамдық тыңдау

«Қазақалтын» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 2022 жылғы 19 қыркүйек сағат 15:00-де Ақмола облысы, Уәлиханов а. (Көдебас), Алтынсарин к., 3, мекен-жайы бойынша «2022-2024 жылдарға арналған Ақмола облысындағы Уштоған-Қарақас кен кластері учаскелерінде алтын барлау жоспарына қоршаған ортаны әсерің бағалау (ҚОӘБ) материалдарын әзірлеу» және «Рұқсат етілген шығарындылар» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтеді.

Қатысушыларды тіркеу және басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі. Карантин ұзартылса, бұл қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде, ZOOM платформасында бейнеконференц байланыс арқылы өтеді.

Тапсырыс беруші: «Қазақалтын» ЖШС, мекен-жайы: индекс 021500, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Степногорск қ., 5 ы-а, № 6 ғимарат, БСН 990940003176. Телефон: +7 (71645) 28402, факс: +7 (71645) 27204, it@kazakhaltyn.kz

Әзірлеуші және Орындаушы: «ЭКО Консалтинг» ЖШС, заңды мекен-жайы: Алматы қаласы, Абай даңғылы 143/93, тел / факс 8(727)2696742., БСН 030640003902.

Жергілікті атқарушы орган: «Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ. Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ электрондық поштада қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады: Svetlana.Rozhmanova@altynalmas.kz, eco-consulting@yandex.kz

Қоғамдық тыңдау

«Байлюсты-Алтын» тау-кен өндіру кәсіпорны» ЖШС:

1. «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі,
2. Атмосфераға зиянды (ластаушы) заттардың рұқсат етілген шығарындылары нормативтерінің жобалары,
3. Қалдықтарды басқару бағдарламасы,
4. Өндірістік экологиялық бақылаудың 2022-2027 жылдарға арналған бағдарламасы,
5. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2022-2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары жобалық құжаттамасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізуде.

Тыңдаулар 13.09.2022 ж., сағат 15.00-де Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Уәлихан ауылында (әкімдік ғимаратында) өтеді.

Карантиндік шаралар қолданылған жағдайда қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасы арқылы бейнеконференцбайланыс арқылы өтеді. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өтіңіз: <https://zoom.us/j/7727490516?pwd=VHIESC9oUlpMzZVYk0WStodjh3UT09>.

Конференция ID: 772 749 0516. Кіру коды: 993944. Бастамашы: «Байлюсты-Алтын» тау-кен өндіру кәсіпорны» ЖШС Өкіл: Асанбаев Рысбек Мирзабаевич. Байланыс: тел.: 8 (7222) 64-48-74, +7-702-725-87-62 (WhatsApp), e-mail: ssan2@mail.ru.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ВостокЭКОпроект» ЖШС.

Жоба материалдарымен мына сілтеме бойынша танысуға болады: <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings>.

Ескертулер мен ұсыныстарды ssan2@mail.ru электронды поштасына жіберу сұраймыз.

Шын жүректен!

«Ақжаулық» тобының мүшесі Күмісжан Оспанованы туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Туған күн иесін шын жүректен құттықтап, ізгілік пен бірлік, молшылық пен береке, ең бастысы асқар таудай денсаулық, ашық аспан, жадыраққы көңіл-күй тілейміз.

Күш-қуат сарқылмасын, талмасын, Бақыт, дәулет шаңыраққа орнасын. Өрқашан төбенізде күн күліп, Жүзіңізде шаттық нұры жайнасын.

Ақ тілекпен: «Ақжаулық» тобы.

Пәтер сатамын.

Степнякта, Кенесары к-сі, 18/2 мекенжайы бойынша төрт бөлмелі жылы пәтер сатамын. Суы үйде, сан торабы бар. Косметикалық жұмыстары жасалған. Мал ұстауға қорасы, гараж бар. Тел. 2-16-17, 8 702 827 01 20, 8 708 693 77 91

Қасиетті айлар туралы

Алла Тағала былай дейді: «Расында, Алланың дәргейінде айлардың саны он екі. Көктер мен жерді жаратқан күні Алланың Кітабында солай жазылған. Олардың төртеуі қасиетті айлар. Міне, осы түп-тура дін. Сол айларда өз-өздеріңе зұлымдық етпеңдер...» (Тәубе, 36). Осы аятта аталған қасиетті айлар: зул-қағда, зул-хиджа, мұхаррам және ражаб айлары. Ерте замандарда осы құрметті айларда арабтар соғыс, жанжалды тоқтатып, тыныштық сақтайтын.

Кейінірек Құран Кәрімде де бұл айлардың құрметтілігі бекітілді. Сондықтан осы айларда жасалған ғибадат, құлшылықтардың сауабы ерекше. Алланың Елшісі (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын) соңғы қажылығында жасаған хұтпасында былай деген: «Шындығында, уақыт Алла көктер мен жерді жаратқан кездегі қалпына қайта оралды. Бір жылда он екі ай бар. Олардың төртеуі қасиетті. Үшеуі: зул-қағда, зул-хиджа, мұхаррам бірінен соң бірі келеді. Және біреуі жумада мен шабаан айларының ортасында ражаб айы». Бұхари мен Мүслім риуаят еткен. Алла Тағала қасиетті айларды жылдың басқа айларынан ерекшелеп, мәртебесін арттырған. Бұл айларда жасалған қылмыс, күнәнің аса зор есептелетіндігін айтып өткен. Бұл жайында сахаба Ибн Аббас (р.а.) былай дейді: «Алла Тағала айлардың ішінен төртеуін ерекшелеп, оларды киелі етті. Ол айларда жасалған күнәні ауыр, сауапты істі салмақты қылды». Ал Қатада деген табиғи толқынының ғұламасы былай деп ой толғайды: «Қасиетті айларда жасалған зұлымдық басқа айларда жасалған күнәнен зор. Негізінде, зұлымдық қай уақытта да зор нәрсе. Дегенмен, Алла Өзі ісінде қалаған нәрсені зорайтады, ұлықтайды. Алла Тағала жаратылыстарынан ең үздіктерін ерекшелеп, сұрыптап алған. Періштелерден де, адамдардан да таңдаулы құлдарын ерекшелеп, елшілікке таңдады. Түгел сөзден Өзінің Зікірін таңдады. Жерлерден мешіттерді таңдады. Айлардан рамазан мен қасиетті айларды ерекшеледі. Күндерден жұма күнін ерекшеледі. Түндерден Қадір түнін таңдап алды. Олай болса, Алланың ерекшелеп, ұлық еткен нәрселерін ұлықтаңдар. Шындығында Алла Тағала таңдаған нәрселердің мәніне терең түсінік пен сұңғыла сананың иелері ғана жете алады».

Алланың айы – мұхаррам. Мұхаррам айы мұсылман жыл санауының алғашқы айы болып есептеледі. «Мұхаррам» сөзі «қасиетті», «тыйым салынған» деген мағыналарды білдіреді. Бұл ай Құран Кәрімде айтылған қасиетті төрт айдың бірі. Алланың Елшісі (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын) бұл мұхаррамды «Алланың айы» деп сипаттаған. Басқа айды дәл осындай сипатпен дәріптемеген. Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын): «Рамазан оразасынан кейінгі ең абзал ораза Алланың айы – мұхаррам айында тұтылған ораза», – деген. Мүслім риуаят еткен. Қасиетті төрт айдың ішіндегі ең абзалы ғұламалардың айтуынша дәл осы мұхаррам айы. Хақ Тағала мұсылман күнтізбесін қасиетті мұхаррам айымен бастап, қасиетті зул-хиджа айымен аяқтаған. Мұхаррам айынан тек рамазан айы ғана абзал бола алады. Имам Нәсәи риуаят еткен хадисте ардақты сахаба Әбу Зарр (р.а.): «Уа, Расулалла! Түннің қай бөлігі қайырлы, айлардың қайсысы абзал?» – деп сұрайды. Сонда Алла Елшісі (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын): «Түннің қайырлысы – соңғы бөлігі, айлардың абзалы – өздерің мұхаррам деп атайтын Алланың айы» – деп жауап берген. Мұны мұхаррамның рамазаннан кейінгі абзал ай деп түсінген жөн. Өйткені жоғарыда аталып өткен хадисте айтылғандай мұхаррам оразасынан тек рамазан оразасы артық болады. Сол үшін де рамазан айы мұхаррамнан артық. Дегенмен, күнтізбедегі әрбір айдың өз ерекшелігі бар.

Ашура күні. Ашура күні мұсылман тарихындағы айтулы күндердің бірі. Пайғамбар (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын) алғаш Мәдина қаласына келгенде рамазан айының оразасы парыз болмаған шақта қаладағы яһудилердің мұхаррамның оны күні ораза ұстайтындығын көріп, олардан бұл оразаның себебін сұрайды. Сонда олар: «Бұл біз үшін айтулы күн. Нақ осы күні Алла Тағала Мұса пайғамбар мен қауымын озбыр Перғауыннан құтқарған», – деп жауап береді. Сонда Пайғамбар (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын): «Олай болса Мұсаға сендерден гөрі мен жақынмын», – деп, мұсылмандарға осы күні ораза тұтуға бұйырады. Бірақ кейінірек рамазан оразасы парыз етілген соң: «Қалаған адам тұтсын, қаламаған адам аузын ашсын», – деп ерікті ораза санатында қылдырады. Мүслім риуаят еткен хадисте Алланың елшісі (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын) бұл күнде ораза тұтудың артықшылығы жайында: «Ашура күнінің оразасы өткен жылғы күнә-қателіктер үшін көффарат (өтем)», – деген. Бұл күн Ашура күні деп аталады. Ашура сөзі онының деген мағынаны білдіреді. Яғни мұхаррам айының онының жұлдызы. Басқа бір хадисте Пайғамбар (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын): «Келер жылғы тоғызыншы күнді де тұтарамыз», – деген. Өйткені Алланың елшісі (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын) әрбір ісін яһудилердікіне ұқсатпауға тырысқан. Алайда Пайғамбар (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын) келесі жылы

дүниеден озды. Кітаптарда нақ осы Ашура күні Адам ата жұмаққа кірген әрі күнәсіне жарылқау алған делінеді. Сондай-ақ, осы күні Нұх пайғамбардың кемесі тауға тоқтаған, Ибраһим пайғамбар оттан, Мұса пайғамбар Перғауыннан құтқарылған. Жүніс пайғамбар киттің ішінен шығарылған деген мәліметтер де бар. Жалпы нәпіл ораза тұту Раббының разылығына жеткізіп, күнәнің кешірілуіне сеп болатын аса сауапты ғибадат. Пайғамбар (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын) үмбетін қосымша ғибадаттар жасауға ынталандырған. Әбу Сағид әл-Худриден (р.а.) жеткен риуаятта Алланың елшісі (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде-кім Алла жолында бір күн ораза тұтса, Алла оның жүзін тозақтан жетпіс күзге (жылға) алыстатады», – деген. Бұхари мен Мүслім риуаят еткен. Алла Елшісі (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын) рамазан айының парыз оразасы мен Ашура күнінің оразасын ерекше күтіп, тұтқан. Ибн Аббас (р.а.) былай дейді: «Мен Пайғамбардың (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын) Ашура күні және Рамазан айынан өзге күнді ораза тұту үшін ардақтап, күткенін көрмедім», – деген. Бұхари риуаят еткен.

Ашура оразасын қалай тұтамыз? Ашура күнінің оразасы міндетті емес, қосымша ғибадат. Рамазан айында ораза тұту парыз етілген соң Пайғамбар (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын) бұл күннің оразасын тұтуды әр мұсылманның еркіне қалдырған. Қалаған мүмін тұтады, қаламаған жан тұтпайды. Бірақ тұтқан мұсылман үлкен сауапқа ие болады. Өрі бұл ораза оның өткен жылы жасаған күнә-қателіктеріне өтем ретінде жүреді. Ханафи мазһабының ғұламалары Ашура оразасы сүннет деп белгілеген. Сонымен қатар, Ашура күнін жеке тұтпай, оған алдыңғы, не кейінгі күнді қосып тұтуды ұсынған. Өйткені бұл айтулы күнді өзін ғана тұту яһудилердің амалына ұқсап қалуы ықтимал. Сондықтан Ашура күнін жеке-дара тұтқанды тәңзіман мекрүһ яғни күнәсі аз ұнамсыз іс деп есептеген. Олар дәлел ретінде төмендегі хадисті алға тартқан. Ибн Аббастың (р.а.) айтуынша Алланың Елшісі (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын): «Ашурада ораза тұтқандар және яһудилерге кері іс жасап, алдыңғы не кейінгі күнді де тұтыңдар», – деген. Ахмет риуаят еткен. Ханафи мазһабындағы атақты пәтуа жинақтарының бірі «әл-Фәтәуә әл-Һиндия» кітабында «Ашура күнінен бірге оның алдындағы мұхаррам айының тоғызыншы күнін бірге тұту сүннет. Ал Ашура күнін жалғыз тұту мекрүһ» делінген. Дегенмен, өзге мазһабтарда Ашураны күнін жалғыз тұту мекрүһ іске саналмайды. Жалпы алғанда шариғат ғұламалары Ашура оразасын ұстаудың үш деңгейін ұсынады. Ибн Хажар әл-Асқалани «Фатхул-Бари» кітабында былай дейді: «Ашура оразасы үш деңгейлі: ең азы сол күнді ғана тұту; екіншісі оның алдындағы күнмен бірге тұту; ең көбі алдындағы және артындағы күндермен қосып үш күн етіп тұту».

Ашура және Арафа күндерінің қайсысы абзал? Ашура мұхаррам айының онының күні, ал Арафа зул-хиджа айының тоғызыншы күні. Ашура күнінің оразасы өткен жылда жіберілген күнә-қателіктердің өтемі. Ал Арафа күні екі жылдың күнеларының өтемі бола алады. Әбу Қатададан (р.а.) жеткен риуаятта Алла Елшісі (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын): «Арафа күнінің оразасы өткен жыл мен келер жыл үшін көффарат, ал Ашураның оразасы өткен жыл үшін көффарат», – деген Ахмет риуаяты. Арафа күні Ашура күнінен абзалырақ. Себебі, сол күні қажылық жасалады. Сол күні шайтан мұсылман үмбетінен күдер үзген. Өрі дәл сол Арафа күні «Мен сендердің діндеріңді кемеліне жеткіздім» деген аят түскен. Мұндағы ең басты сыр Арафа күнінің Мұхаммед пайғамбарға (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын), ал Ашура күнінің Мұса пайғамбарға қатыстылығында. Ашура күні не істеген дұрыс? Кейбір ғұламаларының пікірінше, Ашура күні қосымша ораза тұтуды қоса, бала-шаға, ағайынға көбірек нәпақа жұмсап, сый ұлестірген жөн. Олар мына хадисті алға тартады. Әбу Һурайрадан (ра.) жеткен риуаятта Алланың Елшісі (Алланың Оған салауаты мен сәлемі болсын): «Кім Ашура күні отбасына кендік көрсетсе (сый берсе), Алла оған жыл бойы кендік көрсетеді», – деген. Бәйһақи риуаят еткен. Алайда Ашура күнін арнайылап жалпыға бірдей ойын-сауық, той-думан күніне айналдыруға болмайды. Сондай-ақ кейбір елдерде жат ағымдар тарапынан жасалатын Ашура күнін Хүсейн ибн Әлидің (р.а.) қазасына орай қаралы күн ретінде атап өту шаралары да шариғатымыз бен сенімімізге қайшы болып табылады.

ЕСКЕРТУ: Мұсылманша хижри жыл санауы бойынша 1444 жыл. Ашура күні биылғы (2022 ж.) тамыз айының 8-не сәйкес келеді.



Көкшенің кербез сұлуы

Халық өртісі, театр актрисасы 85 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Роза Әшірбекова 1938 жылдың 15 сәуірінде Көкшетау облысы, Еңбекшілер ауданы, «Казгородок» селосында (қазіргі «Үлгі» ауылы) дүниеге келді.

Оның балғын балалық шағы әйгілі Жұмбақтас пен Оқжетпес, Сәкен ақын жырылаған сексен көлдің саясында сөз жетпес сұлулықтың символына айналған Көкшенің бауырында өтті. Ол үш ағасының ортасында ерке өсті. Кеш болса ауылдың қыз – жігіттері өнге салып алтыбақан тепсе, енді бірі ақсүйек ойнап айлы түнді думанға айналдыратын. Осындай ойын – сауықтар Розаның балаң жүрегіне өдемі әсер қалдырды. Ол мектепте озат оқушы атанды. Бос уақытта кітап оқуға асығатын алғыр бойжеткеннің алғаш парақтағаны «Абай жолы», «Адақандар», «Сұлушаш» еді. Соғыстан оралмаған әкесін жоқтатпай жеткізген анасы мектеп бітіргеннен кейін қызының Алматыдан білім алуына ақ батасын береді. Сөйтіп, ол Қазақтың педагогикалық институтының физика – математика факультетіне оқуға түседі. Институт қабырғасында көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып бір перделі пьесаларда ойнады. Осы сәттерде жан дүниесінің өнерге етене жақындағаны анық сезе бастайды. Сахнамен рухани байланысын байқаған көңілде театрге деген құштарлығы біртіндеп арта береді.

Актриса 1960 жылы академиялық драма театры жанындағы студияны бітіріп, сол жылы Ф.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрына қабылданады.

Саналы ғұмырын саф өнерге арнаған ардақты жанның 60 жылдан аса шығармашылық жолы Ф.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында өтті. Сахнада алғаш жасаған Б.Тәжібаевтың «Қарагөз қарындасым» спектакліндегі Анна бейнесі арқылы театр өнеріне батыл қадам жасады. Театр сахнасында актриса сомдаған Ләззат (Т.Ахтановтың «Махаббат мұңында»), Хадидша, Сейде (Ш.Айтматовтың «Арманым Өселімі» мен «Бетпе-бетінде»), Шафақ (М.Кәрімнің «Ай тұтылған түнінде»), Гертруда (У.Шекспирдің «Гамлетінде»), Гиацинта (Мольердің «Скапеннің айласында»), Аркадина (А.Чеховтың «Шағаласында»), Клеопатра Львовна (А.Островскийдің «Адам аласы ішіндесінде») сияқты рөлдер Роза Әшірбекованың кәсіби шеберлігін жан-жақты танытқан, қазақ сахна өнері тарихынан өзіндік орын алған бейнелерге айналды.

1970 «Қазақ КСР-ның Еңбек сіңірген артисі», 1991 жылы «Қазақстанның халық өртісі» құрметті атақтары берілді, 2005 жылы президент жарлығымен «Құрмет ордені» мен марапатталды, «2015 жылы «ҚР конституциясына – 20 жыл» медалы; 2016 жылы «ҚР тәуелсіздігіне – 25 жыл» медалы; Қазақстанның «Еңбек ардагері» медалының иегері; Қазақстан Республикасының тұңғыш президентінің мәдениет пен өнер саласындағы президенттік степендиясының иегері.

Роза Әшірбекова 60 жылдан астам ғұмырын өнерге арнап, «Парасат», «Құрмет» орденімен марапатталды.

Театр өнерін пір тұтқан актриса өзінің іс-әрекетімен өнерді қалай қастерлеудің озық үлгісін көрсетіп берді.

Жылжымайтын мүлік объектілері мекен-жайларының мәліметтері бойынша жаңа сервис eGov.kz порталында және eGov mobile мобильдік қосымшасында қолжетімді

Қазақстандықтар мүлік кепілін сату кезінде, нотариустарда, банктерде және басқа да ұйымдарда тіркеу кезінде жылжымайтын мүлік объектісі мекенжайының өзгеру тарихын мұрағаттық мәліметтерді тексеру бойынша жаңа сервисінің көмегімен көре алады. Жаңа сервис тіркеу рәсімдері кезінде мекен-жайдың тіркеу кодын (МТК) қолдана отырып, сұратылған ұйымдарға жылжымайтын мүлік мекен-жайының өзгеруі туралы мәліметтерді қарауға мүмкіндік береді. Мысалы, егер көше атауы немесе үй нөмірі өзгерсе, бірақ құжаттарда ескі мекен-жай көрсетілсе, енді ХҚКО-ға жүгінудің қажеті жоқ.

Бұрын жылжымайтын мүлік мекен-жайын өзгерту туралы анықтаманы қағаз анықтама күйінде ХҚКО арқылы алынған. Бұл жылжымайтын мүлікті тіркеу кезінде қиындықтар туғызатын және көп уақыт алатын.

Енді қарапайым мемлекеттік сервисті пайдалана отырып, мүліктің нақты мекен-жайын растауға болады. Айта кету керек, жылжымайтын мүлік деректерінсіз тек мекен-жайын өзгеру тарихы ғана көрсетіледі.

Қандай жағдайларда азаматтарға жаңа сервис қажет болуы мүмкін: жылжымайтын мүлікті сату кезінде; кепілзатты тіркеу кезінде; тұрғын үй-коммуналдық қызметтер бөлімдері талап еткен кезде; көші-қон қызметі бөлімдері талап еткен кезде; аймақтық/облыстық атауы өзгертілген кезде және т.б.

Айта кетейік, бұл жаңартулар ҚР Президенті бюрократиядан арылту жөніндегі Жарлығы аясында жүзеге асырылды, оның негізгі мәні цифрлық трансформация және мемлекеттік басқарудың барлық салаларының жүйелі реинжинирингі болып табылады.

Осы сервистің аналогы eGov mobile мобильдік қосымшасының көмегімен «Жылжымайтын мүлік және ТКШ» бөлімінде де ұсынылады.

«МТК бойынша мекен-жайлардың мұрағаттық мәліметтері» сервисін пайдалану үшін eGov.kz порталына кіру қажет, басты бетте «Сервистер» бөлімінде «МТК бойынша мекен-жайлардың мұрағаттық мәліметтері» сервисін таңдау қажет. Өрі қарай пайдаланушы: порталда авторизациядан өтеді; онлайн қызметке тапсырыс береді; МТК толтырады және

«тексеру» батырмасын басады (мекен-жай кодын жеке кабинеттен немесе мүліктің техникалық паспортынан көруге болады).

eGov.kz порталы экранында сұратуды сәтті өңдеу кезінде тарихи мекен-жай мәліметтері көрсетіледі. МТК дұрыс енгізілмеген жағдайда «Енгізілген мекенжай кодын (МТК) тексеруді сұраймыз» хабарламасы көрсетіледі.

Атамаш сервисі ҚР ЦДИАӨМ мемлекеттік қызметтер комитетінің, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ, «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ және «Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе» ақпараттық жүйелерінің жүргізілген интеграциясының арқасында жүзеге асырылды.

Бұған дейін ҚР ЦДИАӨМ және ҚР ИИДМ бірлескен бұйрығына қол қойылды, ол азаматтардан осы анықтамаларды сұратуға тыйым салып қана қоймай, сонымен қатар нотариустар мен банк клиенттеріне қызмет көрсету кезінде аталмыш сервисті пайдалануға мүмкіндік береді.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.

Меншік иесі және шығарушы – «Еңбекшілер ЖАРШЫСЫ – ВЕСТИ Еңбекшілерь» аудандық газетінің редакциясы» ЖШС

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрілігі 2016 жылғы 30 қараша қайта тіркелін, № 16224-Г куәлігі берілген. Редактор В.УСТЬЯНЦЕВ Жауапты хатшы Д. АҚЫШЕВА

Мекен-жайымыз: 020700, Ақмола облысы, Степняк қаласы, Уәлиханов көшесі, 3 үй. Редакция тел.: 2-15-71, 2-19-63. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. e-mail: gazetastep@mail.ru

«Дунасарова» жеке кәсіпкер офсеттік тәсілмен басылған. 010005. Нұр-Сұлтан қаласы, А. Жұбанов көшесі, 24/1 үй. Жұма күні аптасына 1 рет. Офсеттік тәсілмен басылған, көлемі 1 баспа табақ. Таралымы 310. Тапсырыс 155 Индексі: 65652